

**1. Тақырыбы: "Тілім менің баға жетпес байлығым."**

Мақсаты: Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру.

Көрнекілігі: Сыныпты тақырыпқа лайық безендіру, қабырға газеттері, қанатты сөздер, нақыл сөздер.



Қымбатты оқушылар міне біз бүгін бүкіл Қазақстан халқы болып «Қазақстан халқының тілдері күні» және мерекесімен тұспа тұс келген Ахмет Байтұрсынұлының мерей тойын тойлағалы отырмыз. Бұған дейін «Тіл мерекесіне» байланысты 15 қыркүйектен бастап жоспар бойынша іс-шаралар жүргізілді. Біздің негізгі мақсатымыз оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тілі - адам болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп - өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі жүректің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін, жанның барлық толқындарын ұрпақтан - ұрпаққа сақтап отыратын қазына. аларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру.

Жангир: Қазақ тілі аса бай, икемді тіл. Қалай исең, солай иіле береді. Орамын, бұрымын тауып, қисынын, орайын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ағаш, текемет оюға болады - ау. Бұл тілден май тамады десе де сыяр. Халықтың тіліне жырына құлақ салсаң, небір алуа - шекер балдай татитын нәріне, әріне өсте тоймайсың. Ғашықпын қазақ тіліне... Осындай майса, сұлу тілді қалай өгейсітуге болады.

## 2. Оқуға құштар мектеп жобасының Мақсаты:

1. Кітапхана өмірімен таныстыру.
  2. Білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру.
  3. Кітапқа деген қызығушылықта арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету. оны дұрыс таңдауға, түсініп оқуға тәрбиелеу.
- Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Танымның бар тамшысы кітапта» демекші 4 «А», 8 «А» кітапханаға келіп білімдерін кеңейтті.





3. Ш. Уәлиханов атындағы ЖББМ- тің 4 «А» сынып оқушылары көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыруда Ақшатау кентінің үлкен кітапханасына саяхат жасады.

Сәкен Сейфуллинге 129 жыл «Қазақ әдебиетінің ақсұнқары » атты шығармаларын терең танып , білімдерін арттырды. мақсаты: Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси - қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Көрнекілігі: С. Сейфуллиннің суреті, слайд, плакаттар, шарлар. Шашу биі

Сабақтың тақырыбы: Бала деп соққан бауырмал жүрек  
Сабақтың мақсаты: М. Әлімбаев туралы білімдерін кеңейту, балаларға арналған

шығармалары, олардың жазылу тарихымен таныстыру. М. Әлімбаевтың «балалар ақыны» екенін таныту.

Білімділік - өмір жолы, еңбек жолы, шығармашылардан мәліметтер беру, шығармаларының жазылу тарихымен таныстыру, өлеңдерін жатқа айтқыза отырып мәнерлеп оқу машықтарын жетілдіру, мәнерлеп оқу үлгілерін меңгерту.

Дамытушылық – өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты оқырман дайындау. Оқушыларды көркем, шешен сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік – шығармаларының тәрбиелік мәнін түсініп өнеге алуға тәрбиелеу. Шәкірттерді туған жерге деген сүйіспеншілігін, Отан тыныштығын қорғауға, адамгершілікке, табиғат өсемдігін түсінуге тәрбиелеу.




**Сабақтың мақсаты:** Міржақып Дулатов туралы, оның «Оян, қазақ!» жинағы туралы білу;

Тақырып бойынша сөйлемді дұрыс құрастыру;  
Өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын әңгімелеу;

Ө


з

1. Өлеңді оқып, танысу.
2. Сөздік құрастыру.
3. Тақырыбын ашу.
4. Идеялық мазмұнын айту.
5. Қорыту.



7. Желтоқсан тәуелсіздіктің белгісі атты тәрбие сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру. Оқушыларды елді, Отанын сүйе және егемен елімізді сақтауға және оны гүлдендіруге құштар патриоттық күш – қуаты мол жастарды тәрбиелеу. Желтоқсанда мерт болған қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым.



8

**Сабақтың тақырыбы:** «Жаман әдеттен аулақ бол!»

**Мақсаты:** Балаларды үлкенге құрмет көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Әдептілік қағидаларын меңгерте отырып, зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға шақыру. Салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру.

**Сабақтың міндеттері:** 1. Денсаулықты сақтау және нығайту туралы білім беру. Өзін-өзі тәрбиелей білу, жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болу. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Сынып сағатымыз «**Аулақ бол жаман әдеттен**» тақырыбы аясында өткізілмек. Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әдеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту. Есірткі, ішімдік және темекенің ағзаға тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптары, адам ағзасына теріс әсері туралы түсіндіру.

**Сұрақ қою.**

“Денсаулығың өз қолыңда” дегенді қалай түсінесіңдер?

**Назар аударайық!**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасының негізгі жеті басымдығының, төртіншісінде- Қазақстан азаматтарының өл-ауқаты, білімі және

денсаулығы туралы атап көрсеткен.

Бірінші бағыт-"Темекі шегуді тоқтату"

Екінші бағыт-"Нашақорлыққа, наркобизнеске қарсы күрес"

Үшінші бағыт-"Маскүнемдік пен араққа қарсы күрес"

### Назар аударайық!

Зиянды әдеттер денсаулыққа қалай әсер етеді?

### Темекі құрамындағы заттар»

Темекі түтінінде 400-нан астам химиялық элементтер бар, оның 40-тан астамы онкологиялық ауруларға себеп болатын улы заттар.

Шайыр түтін арқылы адам өкпесіне түседі.

Адам алғаш рет темекі тартқанда уланады, басы айналады, жүрегі қағады, құсады, қол-аяғы дірілдейді. Темекі тыныс алу мүшелерінің бәріне зиянды әсер етеді.


Никотин тыныс алу жолдарының сілемейлі қабықшасын тітіркендіріп, оны қабындырады.

### Есірткі

Есірткі- ғасыр тажалы. Есірткі-адамның қас жауы. Осы әсерлі затты адамдар ортақ шприц арқылы пайдаланып, нәтижесінде қаһарлы ауруға ұшырайды. Мұны пайдаланған адам арықтап, жұмыс істеу қабілеті төмендейді, жүйке жүйесіне әсер етіп, өз әрекетіне жауап бере алмай, қылмысқа барады.

### Ішімдік


Ішімдік – қосындыларды ашытудан алынатын, күллі өлемге таралған ертеден келе жатқан есірткі. Біздің қоғамда алкоголь қалыпты өмірдің бір бөлігі сияқты. Алкоголь қанға араласады, одан әрі миға шабады екен. Алкоголь адам ағзасы үшін улы.



### Буккросинг. Көрме.

"Оқы және өзгеге сыйла" атты буккроссинг акциясы мектеп кітапханасында мұғалімдер мен оқушылардың ат салысуымен өткізілетін акция. Бұл акцияның негізгі мақсаты мектеп кітапханасындағы кітап қорын молайту және байыту. Сонымен қоса игі іс жасау, яғни

өзіңіздің сүйіп оқыған кітабыңызды басқа да оқырмандармен бөлісіп, оларға да түрлі жанрдағы кітаптарды оқуға мүмкіндік беру. Бұл акцияның ерекшелігі ешқандай оқырманға формуляр ашылмайды және акцияға берілген кітапты алған оқырман өзінің қашалықты кітапқа жауапты екенін білу керек. Яғни кітапты кері қайтаруы оқырманның негізгі жауапкершілігі болып табылады. «Буккроссинг форматы дүниежүзінде кең қолданысқа еніп келеді. Бұл кітапқұмар адамдардың арасындағы байланысты нығайтып, жаппай кітап оқуға жетелейтін жоба. Атауының өзі «Кітап алмасу», «Өзің оқыған кітапты өзгелерге де оқыт» дегенге саятын буккроссинг жобасын қолға алғанымызға екінші жыл болды. Нәтиже жаман емес. Облыс орталығындағы адамдар жиі жиналатын демалыс орындарына арнайы кітап сөрелерін ашып, тәжірбие жасап көрдік. Оқырман қатары көбейгесін шараның қамту аясын кеңейттік», деді.



10. Менің сүйікті кітабым .

**Сабақтың мақсаты:** оқырмандарды көркем шығармалар оқуға шақыру, кітап рухани байлық екенін ұғындыру, кітапханашымен оқырман арасындағы ізгі байланысты жандандыру.

**Көрнекілігі:** Оқырманның оқыған кітаптарынан ұйымдастырылған «Менің сүйікті кітаптарым» атты кітап көрмесі, слайд, кітап туралы нақыл сөздер.

**Тәрбиелігі:** Кітапты бағалау, жақсы және жаманды түсінуге тәрбиелеу.

Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. «Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік»-деген еді Ғабит Мүсірепов.

Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу- әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Көркем шығарма-адам тәрбиелейтін басты әрі қуатты құрал. Ол адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Кітап оқу арқылы адамның мінез-құлық нышандары өзгереді. Баланың қуану, аяу, өкіну, жақсы көру сезімдері оянады. Көркем сөз арқылы Отанын, елін, өз отбасын сүю, адамды қадірлеу, жан-жануар, табиғатқа деген қамқорлық сезімдері оянады, білуге құштарлық сияқты қасиеттер дариды. «Көркем әдебиет-өмір айнасы», «кітап-білім бұлағы» дейтін теңеулерді ХХ ғасырдағы ақын-жазушылардың үнемі айтқаны белгілі. Ал, бүгін ақпараттық технология дамыған ХХІ ғасыр. Әр үйде теледидар, радио, компьютер, интернет, яғни ақпарат алудың кітаптан басқа жүйесі қарқынмен дамып келеді. Білім қуған жастардан бастап әдеби шығарма оқуды әдетіне айналдырған кітапқұмар адамдардың баратын орны, яғни білімін тереңдететін орталығы кітапхана.





«Мектеп бітіруші түлек, заманға лайық мамандық таңдай білесіз бе?»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту;

**Дамытушылық:** оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз - өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру

**Тәрбиелік:** мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

**Міндеті:**

Мамандықтарды талдай және таңдай білуге үйрету;

Оқушыны өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;

Оқушылардың бағдары мен құндылықтары туралы мәлімет беру;  
Оқушылардың құптап отырған мамандықтарына бағыт беру.  
Көрнекілігі: тақырыпқа сәйкес әзірленген дидактикалық материалдар.

Барысы.

Мұғалім: Қайырлы күн, құрметті Қазақстанның жарқын болашақтары!  
Сәлеметсіздер ме! Отырыңыздар! Біздің бүгінгі ашық сабақтан тыс іс-шарамыздың тақырыбы – «Мамандықтар әлемі: біз таңдайтын жолдар» атты пікір алмасу сабағымызға қош келдіңіздер!

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 - ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? Мамандық таңдауда нені бағдар ретінде алуға болады? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Шындығына келгенде мамандық таңдау мәселесі әсіресе біздің қоғамымыз нарықтық қатынасқа көшіп отырған жағдайда өте күрделі мәселе.

Көптеген жоғары сынып оқушылары өздерінің іскерліктері мен қабілеттерін дұрыс тани алмай, мамандық таңдауда көптеген кедергілерге ұшырайды.

9 - 11 класс оқушыларының алдында тұрған басты мәселе - болашақ мамандығын таңдау. Ал мамандықты дұрыс таңдау - ол өмір жолының сәттілігінің негізі.



- Жүрегі жылы кім?
- Құшағы кең кім?

Ана дейміз бәрімізде аңқылдап,

Ана дейді жас сәбиде жарқылдап.

Ана деген бәйтерегі өмірдің

Ана деген-алтын қазық, алтын бақ. Сәлеметсіздер ме ұландар және қонақтар!!  
Бүгін сабағымызды бастамас бұрын сіздердің ардақты аналарыңыз,  
қарындастарыңыз, әпкелеріңіз жақын аяулы нәзік жанды асыл жандардың көктемгі  
мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!!!

Өмірдің көркі-көктем айы мейірім шуағын төгіп, қуанышын қоса ала келді. Бұл айда бар адамзат баласы бас иер үш өріптен тұратын ұлы есім аналарымыздың дәстүрлі мерекесі 8-наурыз күніне белгіленген. Бұл күні төрткүл дүниенің жан иесі, аса қадірлі аналар мен қыз-келіншектерге ерекше құрмет көрсетіліп шын ықлас танытып, сыйлықтар жасап жатады. Тарих парағын парақтасақ, осы күнде әйелдер қауымы өз құқықтарын қорғап, бас көтерген деседі. Бертін келе бұл күнді халықаралық әйелдер күні болып белгіленген екен.

Енді сіздердің назарларыңызды мына бейне көрініске аударғым келіп отыр, бұл сіздердің балалық шақтарыңызға арналады.


#### **Бейнекөрініс: «Балалық шаққа саяхат»**

Өздеріңіздің балалық шақтарыңызды көріп қандай сезімде болдыңыздар?

1 ұлан: Мен балалық шағым анамның арқасында өте керемет өткенін, не ішем, не киемін деп ойланбай бақытты өткізгенімді көріп отырмын!

2 ұлан: Иә, анамызға мыңда бір шүкір! Анамның бала күнімде ерекше ықыласын көріп отырмын. Ауырып қалсақ демеу бола білген ата-анамды еске алып отырмын.

#### **Бейнекөрініс: «Менің анам алтын»**



### «Төрле, Наурыз, салтанатты салтымыз! »

**Тақырыбы:** «Қош келдің, төрлет Наурыз»

**Мақсаты:** Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ерекшеліктерімен таныстыру. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Туған елге деген сүйіспеншілікпен бірге салт-дәстүрді құрметтеуге, үлкендерді және бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілетін дамыту, мерекелік көңілдерін көтеру. Өртүрлі ұлттық ойындар арқылы баланың тілін дамыту.

**Барысы:**

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға бақыт, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш сыйласын!

Қазағым Наурызың құтты болсын!

Көтерген шаңырағың биік болсын.

Тілектері ұлтымның қабыл болып.

Жақсылығың бір Алла иіп тұрсын.

Наурыз тойы ақ батаның бастауы

Береке мен бірліктің жалғауы

Жеті түрлі қасиетті дәмменен

Байтақ елдің бір толады астауы

Наурыз келіп көктем сазы білінер

Наурыз мейрамында халық қуанып ұлттық ойын түрлерін ойнап көңіл көтерген.


Сонын ішінде «Көкпар», «Қыз қуу», «Арқан тарту» т.б ойындар. Ал, балалар, ендеше «Қол күрес» ойынын ойнап күшімізді сынап көрелік! Келесі ойын «Арқан тарту» .


Ойынды бастар алдында  
«Талапай - ау, талапай»


Табылды ойын алақай деп айтады. Балалармен бірге қайталайды, қоржындағы асықтарды, отырған балаларға шашады.

Балалар: Жарыса «Ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып бөліп алады. Жинаған асықтарын санай бастайды, әр бала жинаған асықтарын тігіп, оларды атуға дайындалады. Хан асығы қолына түскен бала ойынды бірінші бастайды. Тигізген асықтарды ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда ойын жүргізушінің тапсырмасын орындайды.

Ол үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интеллектуалдық тапсырмалар алдын ала дайындалады.







## мамыр жеңіс күні!

Білімділік мақсат: Ұлы Отан соғысы жылдарындағы елі үшін жанын қиған ерлер өмірін дәріптеу, Мәлік Ғабдуллин туралы түсінік беру.

Дамытушылық мақсат: Оқушыларға бағыт бере отырып топпен жұмыс істеуге дағдыландыру, мәнерлеп, түсініп оқу дағдысын, мәтін мазмұнын әңгімелей білуге жетелеу.

Тәрбиелік мақсат: Оқушыларды еңбекқорлыққа, елін, туған жерін сүюге, патриоттыққа тәрбиелеу.

Ашық сабақ түрі: жаңа сабақ

Әдісі: топпен жұмыс, сұрақ - жауап, әңгімелеу, ой қозғау, қызығушылығын ояту

Көрнекілігі: интерактивті тақта, парақшалар

Пәнаралық байланыс: өн сабағы барысы:

1. Психологиялық дайындық.

Оқушыларды орындарынан тұрғызып, тақпақ айтқызу арқылы оқушылардың сабаққа назарларын аудару

Күн нұрына алақанды созайын

Жүрегіме басып ұстай қалайын.

Нәзік, әрі жылы, әрі мейрімді

Сонда дерек болып кетер жан - жағым.

Топқа бөлу. /Түсті жұлдызшалар арқылы топқа бөліп отырғызылады./

- Бүгінгі сабағымыз топпен жұмыс болады. Ол үшін әр қайсың өздеріңе ұнаған түсті жұлдызшаны таңдап алыңдар. Тақтада және партада қай түс қандай топқа барып отыратыны жазылған.

Сары жұлдыздар - «Алғырлар»

Жасыл жұлдыздар - «Білгірлер»

Тоқ сары жұлдыздар: - «Ұшқырлар»

Көк жұлдыздар - «Ойшылдар»

Қоңыр жұлдыздар - «Тапқырлар»

- Енді арамыздан топ басшысын таңдап аламыз. Сабағымыз соңында бағаны жалпы топқа қоямын. Яғни, қызыл жұлдызша «5», жасыл жұлдызша «4», сары жұлдызша «3» болып бағаланады.

2. Үй тапсырмасын қайталау. Сұрақ - жауап / Артында сұрақтары бар қиықшалар таратып, өткен тақырыпты қайталау. Сұрақтары тақтада жазылған /

- Осы оқиғада Талғат неше рет тапсырма орындап қайты?

- Талғатқа тап берген истрибительге не болды?

- Луганский Талғат Бигелдиновке қандай сөздер айтты?

- Осы мәтіндегі ұрыс қай жерде болды?

- Талғат Бигелдинов туралы қандай мәлімет білесің?

3. Жаңа сабақ. Ой қозғау. Тақтада қиықшаларды құрастыру арқылы жұлдызша шығарады. Әр топтан 1 баладан шығып қиықтарды жылжытып қосады.

- Енді әр топқа берілген қиықшаларды қосып құрастырамыз. Ол жұмысты тақтада орындайтын боламыз.

- Бұл не?

- Түсі қандай?

- Қызыл жұлдызды II Дүние жүзілік соғысында қаза тапқан ұл қыздарымыздың

## 7 мамыр Отан қорғаушылардың күні «Отан қорғау – азаматтық парыз»

Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, еңбекте жеміс пен шығармашылық табыстар тілейміз. Алда келе жатқан 7-мамыр Отан қорғаушылар күні мерекелеріңіз құтты болсын! Ер-азаматтардың орны қашанда бөлек. Олардың күш-жігеріне, ақыл-парасатына бүкіл әлем бағынған, бағынады да! Сондықтан халқымыз «Жердің қорғаны, елдің тұтқасы» деп ерекше ардақтаған. Ал ақын Мұхтар Шаханов: ...Жердің аман тұрғандығы, Сол намысқой еркектердің арқасы... Немесе ...Қайғы келсе жеңілмейтін, Бақыт келсе, семірмейтін, Ер мінезін қадірлейтін, Еркектердің даңқы артсын!- деп жырға қосқан. презентация

Сабактың ортасы Арыстандай айбаттым, Жолбарыстай қайраттым, Аспандағы байрақтым, Қанша жұлдыз жайнаттың, Қанша бұлбұл сайраттың Қазақстан ардақтым! дей келе кезекті қызықты ойынға берсек Ендігі кезекте викториналық сұрақтар. Біз қай Республикада тұрамыз?- Қазақстан Бас қаламыз қай қала?- Астана Рәміздерімізді кім біледі? Тудың ортасында не бейнеленген және авторы кім? Біздің гимнің авторлары кім? Республикасының Қорғаныс министрлігі) Майор, подполковник және полковник әскери қызметшілердің қандай құрамына кіреді? (Аға офицерлер) Кіші лейтенанттан кіші, старшинадан үлкен әскери атак. (Прапорщик) Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25-тамыздағы Жарлығымен бекітілген маңызы зор әскери құжат.(Әскери ант) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін басқаратын орталық мемлекеттік орган.(Қазақстан Күш сынаспақ Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады.2 бала шынтактарын столға тірек қол бастарын айқстырады.Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады.Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. Көтермек Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім біріні бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедін. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Интербелсенді такта/ компьютер

соңы Мен қазақпын, ұланымын елімнің Мен қазақпын, тірегімін жерімнің ұлдарымыз ақылды болу үшін дайындалған «Жігіттің тоғыз жауы » атты ескертпелерін тындаңыздар. Жігіттің тоғыз жауы? презентация

Ұланымын туын көкке көтерер Болашаққа алға бастап жетелер Қиындығын қазағымның арқашан Қайыспайтын қара нардай көтерер

жалындары мен ұшқыны мәңгі өшпесін депосы қызыл жұлдызға балаған, әлі де балап келеді. Ендеше бүгін біз II Дүние жүзілік соғысына тағы бір батырымызбен танысамыз. Кім екенін мына ребусты шешу арқылы табамыз.

4. Ребус шешу. Ойын «Кім шапшаң?» Жауабы: Мәлік Ғабдуллин.

- Қазір сендермен «Кім шапшаң?» ойынын ойнаймыз. Мына ребусты қай топ шапшаң шешеді екен?

- Дұрыс, балалар. Бүгін біз Мәлік Ғабдуллин туралы «Батырдың аты өлмейді» деген мәтінмен танысамыз.

- Мәлік Ғабдуллин кім?

- Мағлұмат беру.

